

А.Б. Қалыш^{1,*}, М.Д. Кылынчкая², Р.А. Советхан¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан;

²Хаджеттене университеті, Анкара, Түркия

(E-mail: kalyshamanzol@gmail.com; mdervis@hacettepe; raushan.sovetkhan@mail.ru)

Отандық зерттеушілердің еңбектеріндегі Батыс Қазақстанның ғұрыптық ескерткіштері

Мақала Отандық ғалымдардың еңбектеріндегі Арал-Каспий өңіріндегі тарихи-мәдени, ғұрыптық орындардың зерттелуіне арналған. Батыс Қазақстан, Маңғыстау түбегі мен Үстірт жазығын, Солтүстік Арал маңы мен Каспий маңын қамтитын Арал-Каспий өңірі Еуразия даласы халықтарының этно-мәдени орталығы. Батыс Қазақстанның сәулет ескерткіштері ежелгі кезеңнен-ақ саяхатшылар мен зерттеушілердің назарын аударып келеді. Арал-Каспий аумағында болған ортағасырлық зерттеушілердің еңбектерінде осы аумақтағы ғұрыптық ескерткіштерге ерекше назар аударылған. XVIII ғасырдың басында Ресей империясы мен Батыс Еуропа зерттеушілері еңбектерінде аталмыш аймақтың тарихи-мәдени ескерткіштері маңызды орынға ие бола бастады. Олардың қатарында П.И. Рычков, П.С. Паллас, И.П. Фальк, С.Г. Гмелин, Н.П. Рычков сынды зерттеушілерді атап айтуға болады. XX ғ. 40–50 жж. аталған аумақтың мемориалдық және ғұрыптық ескерткіштерін зерттеумен қазақтың белгілі ғалымдары айналыса бастады. Қазақтың белгілі сәулетшілері Т.Қ. Бәсенов және М.М. Мендіқұлов Батыс Қазақстан аумағындағы Ұшқын ата, Сисем ата, Шопан ата, Масат ата сынды ғұрыптық ескерткіштерді зерттеумен айналысты. Ескерткіштанушы, ғалым С.Е. Әжіғалидің негізгі ғылыми еңбектері Арал-Каспий маңы өңірінің, Батыс Қазақстан облысының дәстүрі мен мәдениетін, этнографиясы мен архитектуралық ескерткіштерін зерттеуге арналды. Мақалада осы аталған ғалымдардың негізгі зерттеу жұмыстары, Арал-Каспий өңірінің ғұрыптық орындарын зерттеуге қосқан үлестері, ғылыми жаңалықтары атап көрсетілген.

Кілт сөздер: Арал-Каспий өңірі, ғұрыптық орындар, кесенелер, мешіттер, қорымдар, сағанатамдар, құлпытастар.

Кіріспе

Батыс Қазақстан территориясы ғасырлар бойы өмір сүріп келе жатқан ежелгі материалдық және рухани мәдениеттер тоғысқан мекен. Онда қазақ халқының бай әрі тарихы терең ескерткіштері пайда болған. Бұл жерді тарихи-мәдени және көне өркениеттер ошағы десек те болады. Бұл аумақтың тарихы мен мәдениетін зерттеу оның көне тарихтан сыр шертетін тарихи-мәдени ескерткіштерін зерделеусіз мүмкін емес.

Батыс Қазақстанның географиялық шекарасы Каспий маңы ойпатының солтүстік және солтүстік-шығыс бөлігін, Оралдың далалық зонасы, Жем алқабы, Үстірттің батыс жартысы және Батыс Қазақстан, Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау облыстарының бөлігі болып табылатын Маңғыстау түбегін қамтиды [1; 6].

Батыс Қазақстанның сәулет ескерткіштері ежелгі кезеңнен-ақ саяхатшылар мен зерттеушілердің назарын аударып келеді. Алтын Ордада ислам дінінің қабылдануы мен орнығуы кезеңінде Батыс Қазақстанда және оған іргелес облыстарда мемориалдық және діни құрылыстың айтарлықтай өсуі байқалады. Арал-Каспий аумағында болған ортағасырлық зерттеушілердің еңбектерінде осы аумақтағы ғұрыптық ескерткіштерге: мешіттер, мавзолейлер, сағанатамдар, сандықтастар, құлпытастарға, т.б. ерекше назар аударылған. Оған дәлел ретінде, 922 жылы Үстірт аумағында болған араб дипломаты Ахмед ибн Фадланды атауға болады. Ол оғыздарды жерлеу рәсімін сипаттап, кесенелер сияқты құрылыстар туралы айтады [2].

Қазақстанның Арал-Каспий аймағының кең территориясын зерттеуге деген қызығушылық Ресей империясы мен Батыс Еуропа зерттеушілері тарапынан XVIII ғасырдың басында едәуір күшейді. Батыс Қазақстандағы ежелгі ескерткіштерді ғылыми есепке алудың басталуы XVIII ғасырдың II-ші жартысына жатады. Және ол іс жүзінде қазақ даласын зерттеумен айналысқан орыс зерттеушілерінің еңбектерінде баяндалған. П.И. Рычков, П.С. Паллас, И.П. Фальк, С.Г. Гмелин,

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: kalyshamanzol@gmail.com, (А.Б. Қалыш)

Н.П. Рычков сынды зерттеушілер осы кезеңде Батыс Қазақстан территориясын зерттеуге үлкен үлес қосты [3; 15].

Батыс Қазақстан ескерткіштері туралы құнды мәліметтер кешені А.С. Левшиннің «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей...» атты еңбегінде келтірілген. Ол Арал-Каспий аймағының солтүстігінде орналасқан нақты құрылымдар туралы мәліметтер береді [4; 25–33]. Белгілі отандық этнограф Х.Арғынбаев ХХ ғасырдың 60–70 жылдардың аяғында Маңғыстауда және оған іргелес аумақтарда экспедициялық зерттеулер жүргізді. 1987 жылы жарық көрген «Қазақ халқының көлөнері» кітабында батыс қазақтарының тас өңдеу өнеріне байланысты «Тас өңдеу» атты арнайы бөлімін арнады [5; 105–120].

Батыс Қазақстанда археологиялық-этнографиялық зерттеудің басталуы 1926 жылы Руденконың басшылығымен жүргізілген КСРО Ғылым академиясының Қазақстан экспедициясының антропологиялық отрядының зерттеу жұмысы болды [3; 18, 19].

ХХ ғасырдың 40–50 жж. аталған аумақтың мемориалдық және ғұрыптық ескерткіштерін зерттеумен қазақтың белгілі сәулетшілері Т.Қ. Бәсенов және М.М. Меңдіқұлов айналысты. Маңғыстау мен Үстірт ескерткіштері туралы деректер М.М. Меңдіқұловтың еңбектерінде көрсетілген. Ол алғашқылардың бірі болып Батыс Қазақстан аумағындағы Ұшқын ата, Сейсен ата, Шопан ата, Масат ата сынды ғұрыптық ескерткіштерді зерттеумен айналысты. 1956 жылы М. Меңдіқұловтың «Памятники архитектуры полуострова Мангышлака и Западного Устюрта» атты кітабы жарық көрді. Жоғарыда аталған ғұрыптық ескерткіштер туралы толыққанды ақпарат осы еңбекте сипатталды. Оған қосымша, Иманбай, Айтман, Сенеке сынды мавзолейлер туралы деректер де келтірілген [6; 22–29].

Тақырыпты зерттеу барысында Арал-Каспий өңірін зерттеумен айналысқан шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми еңбектері басшылыққа алынды. Олардың ой тұжырымдары мен пікірлері бағыт-бағдарлық, теориялық және методологиялық негіз ретінде қолданылып, қажетті тұстарда кеңінен пайдаланылды. Тақырыптың нәтижесіне жету үшін жалпы ғылыми жинақтау, жүйелеу, салыстырмалы талдау сияқты әдістер кеңінен қолданылды. Аталған әдістер қарастырылып отырған тақырыпты толыққанды ашуға мол мүмкіндіктер береді.

Негізгі бөлім

М.М. Меңдіқұлов зерттеулеріндегі Арал-Каспий маңындағы ғұрыптық ескерткіштер

1987 жылы М.М. Меңдіқұловтың Арал-Каспий маңы ескерткіштерін зерттеуі негізінде «Памятники народного зодчества Западного Казахстана» атты кітабы жарық көрді. Ол ХХ ғ. 50–70 жылдары жиналған экспедициялық материалдар, сонымен қатар жалпы Қазақстан аумағында және көршілес облыстарда сәулет өнерінің дамуын ұзақ мерзімді зерттеу негізінде жазылған. Автор Батыс Қазақстан сәулетін Арал-Каспий далаларының халықтық сәулет өнерінің ұзақ даму жолының көрінісі ретінде қарастырған. Кітапта тұңғыш рет Батыс Қазақстан жерасты мешіттері, сондай-ақ олардың айналасында пайда болған қорымдар туралы материалдар жарияланды. Бұл аймақтағы күмбезді және күмбезсіз кесенелер мен басқа да әр түрлі қабір тастары егжей-тегжейлі қарастырылған [1; 3, 4].

М.М. Меңдіқұлов зерттеулерінің көп бөлігі Батыс Қазақстандағы қорымдар мен жерасты мешіттерін зерттеуге арналған. Каспий маңындағы Қарақұм шөлінің, Ембі аңғарының, Үстірттің және Маңғыстаудың шөлді аймақтары сан алуан құлпытастарға толы. Олардың едәуір бөлігі ата-баба зираттарында — ұсақ және ірі қорымдарда шоғырланған. Жем, Үстірт және Маңғыстау аумағында оннан астам жерасты мешіттері табылды [1; 8]. Ғалымның еңбегінде осы аймақтағы бірнеше ғұрыптық орындардың типологиялық ерекшеліктері, жалпы сипаттамасы мен ареалы көрсетілген.

Маңғышлақтан Хорезмге дейінгі ескі керуен жолының бойында орналасқан қорымдар сол аймақтағы ең көне ескерткіштер болып табылады. Оңтүстік-батыс бөлігінде жерасты мешіті мен Шопан ата мазары (сурет 1), сондай-ақ Х-ХІІІ ғасырларда осы жерде өмір сүрген оғыз-қыпшақ тайпалары салған ең көне құлпытастар бар [7; 57]. Бұл аймақтағы қарабайыр қоршаулар, сағана-тамдар, құлпытастар мен қойтастар, ауа райының әсерінен көп жағдайда пішінсіз қирандыларға айналып кеткендігі атап көрсетілген.



Сурет 1. Шопан ата жерасты мешіті [8; 228]

Ғалымның еңбегінде Шопан ата мешіт-мазары аймақтың діни орталығына айналу мақсатында салынғандығы айтылады. Оған дәлел ретінде бөлменің үш негізгі топқа бөлінген құрамын атап өтеді. Бөлменің орталық бөлігінде қонақ бөлмесі іспетті жасақталған төртбұрышты зал орналасқан. Орталық залдың оңтүстік-батысында көлбеу орналасқан баспалдақ жоғарғы қабаттағы құлшылық бөлмесі мен екі жерлеу орнынан тұратын қабірлер бөлмесіне апарады. Орталық залдың оңтүстік және батыс қабырғаларының бүкіл ені зиярат етушілерге арналған екі кең бөлмеге бөлінген. Ыдыс-аяқтар: самаурындар, шәйнектер, құмған және басқа да тұрмыстық ыдыстар солтүстік қабырға бойына орналастырылған. Ауа райының әсерінен мешіттің солтүстік қабырғасы қатты зақымданған. Бұл мешіт-мазардың нақты мерзімі туралы дәйекті ақпараттар жоқ, себебі белгілі жазба деректерде Шопан ата атауы кездеспейді [1; 8, 9].

Маңғыстау түбегінің орталық бөлігінде, Қандыбас мекенінен батысқа қарай 5 км жерде орналасқан Қараман ата қорымы туралы деректерді де М.Мендікұлов зерттеулерінен кездестіруге болады. Онда қорымның батыс бөлігіне жақын жерде Қараман ата жерасты мешіті, түрікмен құлпытастары мен тозығы жеткен алты қырлы кесене бар деп көрсетіледі. Қорымның солтүстік-шығыс және орталық бөліктерін XIII–XX ғасырдың басында орнатылған көптеген күмбезді және күмбезсіз кесенелер алып жатыр деген де дерек кездеседі [1; 14, 16].

Ғалымның еңбегінде Форт-Шевченко қаласынан шығысқа қарай 30 км жерде орналасқан Ханга-баба қорымы туралы да деректер кездеседі. XIX ғасырдың елуінші жылдарында осы қорымға барған Т.Г. Шевченко оның орталық бөлігінің жалпы көрінісінің сызбасын жасаған (сурет 2). 1870 жылы Маңғыстауға барлау жүргізген полковник Н.П. Ломакин Ханга-баба қорымында бірнеше бор таулар мен кен орындары бар екендігін және қабырға қалдықтары сақталған үлкен түркімен мешіті болғандығын жазады [9; 3–42].

Ескі Бейнеу — Жем өзенінің төменгі ағысына апаратын ежелгі керуен жолында орналасқан бірнеше шопандар үйінен тұратын шағын қалашық. Ғалым сол аумақтың тұрғындары мен ежелгі қорымның шығу тегіне тікелей байланысты бұлақ жайында бірнеше аңыз-әңгімелерді қарастырады. Каспийдің батпақты шөлін кесіп өткеннен кейін саяхатшылар осы бұлаққа тоқтап, шөлдерін қандырып, демалатын болған екен. Мүмкін бұл жерде керуен сарай да болған болуы мүмкін деген деректер кездеседі, бірақ оның іздері табылмаған [1; 16].



Сурет 2. Ханга-баба [10, с. 25]

Халық аңызы мен жазбаша деректерге қарағанда орта ғасырлар бойы мұнда оғыздар, қыпшақтар, ноғайлар, башқұрттар, түркімендер және қазақтардың тайпалық топтары және XVIII ғасырдың үшінші жартысында қалмақтар кезекпен көшіп-қонып жүрген (Мендикулов, 1956). Осы мәліметке сүйене отырып ғалым Бейнеу қорымының ең ежелгі құлпытастарын оғыз-қыпшақ және қыпшақ-ноғай тайпалары салуы мүмкін деген қорытындыға келеді. Қорымдардың кирап кетуіне байланысты олардың салыну уақыты мен этникасын анықтау мүмкін болмаған.

Батыс Үстірт аумағында Шақпақ ата жерасты мешіті сияқты халық аңыздарында қыпшақ-ноғайлы кезеңімен байланыстырылатын ежелгі ескерткіштер бар (сурет 3). Қорымның оңтүстік-батыс бөлігінде жерасты мешіті және Шақпақ ата мен оның қызының қабірі орналасқан. Олар тау массивіне ойылып, саңылаулармен байланысқан шағын камера болды [6; 11].



Сурет 3. Шақпақ ата жерасты мешіті [8; 233]

Атақты сәулетші олардың ішіндегі ең маңыздысы ретінде Үстірттің батыс жартасынан шығысқа қарай орналасқан Сейсен ата қорымын атап өтеді [6; 11]. Бұл қорым туралы алғаш рет 1825–1826 жылдары полковник Берг басқарған алғашқы орыс әскери барлау экспедициясының есебінде айтылады. Қысқаша жазбада қорым туралы: «Бұл бірнеше конус тәрізді тастан және топырақтан жасалған қоршаулардан тұратын қасиетті зират, бірақ олардың ежелгі тарихы туралы мәлімет жоқ және олардың тұтастығына қарап, оларды түрікмендерге немесе осында келген алғашқы қырғыздарға тиесілі деп айтуға болады» [11; 190–192]. Алайда, М.М. Мендікұлов зерттеулері нәтижесінде жинақтаған материалдар негізінде зиратты шамамен XIV-XVI ғасырларға жатқызуға болады.

М.М. Меңдікұлов Батыс Қазақстанның күмбезді кесенелерінің басым бөлігін алып жатқан шағын өлшемді бір камералы құрылымдарды зерттеп, оларды екі негізгі түрге бөледі: Сырдария аңғарының құрылыс дәстүрімен байланысты конус-пирамидалы күмбездер; кейінірек қыпшақ-қазақ кезеңінде пайда болған дулыға тәрізді күмбездері бар кесене. Бұл ескерткіштердің хронологиялық шеңбері XI-XX ғасырдың басына жатқызылады [6; 38].

Сонымен бірге, ғалым ескерткіштерді келесідей негізгі кезеңдерге бөліп қарастырады. Бірінші кезең (XI-XIII ғасырдың бірінші жартысы), оғыз-қыпшақ тайпалары саз-кірпішті қабір тастарын тұрғыза бастаған кезең. Екінші кезең (XIV-XVI ғғ.) бұл кезеңде күйдірілген кірпіш және жергілікті ұлутастар құрылысқа кеңірек енгізіліп, Хорезм сәулетінің әсері байқала бастайды. Үшінші кезеңде (XVII-XVIII ғғ.) облыстағы қолайсыз әскери-саяси ахуалдың нәтижесінде құрылыс белсенділігінің төмендеуі байқалды, Сырдария аңғарының бір мезгілде салынған ғимараттарына ұқсас кішігірім кірпіштен салынған кесенелер пайда бола бастады. Төртінші кезеңде (XVIII ғасырдың соңы — XIX ғасырдың 1-ші жартысы) тас кесенелер салына бастады, оның архитектурасында дулыға тәрізді күмбездер пайда болды. Бесінші кезең (XIX ғасырдың 2-жартысы — XX ғасырдың басы) Қазақстанның Ресейге толық қосылғаннан кейін көршілес аймақтармен мәдени-экономикалық байланыстарының нығаюына байланысты мемориалдық құрылыстардың барлық типтерінің жаппай салынуымен ерекшеленді. Дәл осы кезеңде ескерткіштерді Қазақстанның басқа аймақтарындағы және Орта Азиядағы ескерткіштерден даралап тұратын архитектуралық ерекшеліктері дами түсті [1; 57–61].

Ғалым еңбегінің бір бөлімі қабір ескерткіштерінің кіші формаларына арналады. Ол мемориалдық құрылымдардың ең көп таралған түрі болып табылады. Олардың жасалуында керемет сәндік-қолданбалы өнер көрініс табады. М. Меңдікұлов оларды негізгі төрт түрге бөлуге болатындығын көрсетеді: ұштастар, құлпытастар, қойтастар және сағаналар. Олар жеке немесе бір-бірімен әр түрлі комбинацияларда орнатылып, көбінесе көркем мәнерлі ансамбльдер құрайтындығын атап айтады.


*Арал-Каспий маңындағы тарихи-мәдени
ескерткіштер Т.Қ. Бәсеновтың еңбектерінде*

Сәулетші Т.Қ. Бәсеновтің «Архитектурные памятники в районе Сам» еңбегі Батыс Қазақстанның ғұрыптық және діни ескерткіштерін зерттеуде үлкен маңызға ие. Үстірттегі Сам ескерткіштері Батыс Қазақстан облысының мемориалдық және діни нысандарын зерттеуде ерекше орын алады. Бұл ескерткіштер ғасырлар бойғы қазақ халқының декоративті-көркемдік мәдениетінің тарихынан сыр шертеді.

Жұмыс аймақтың сипаттамалары мен архитектурасы туралы мәліметтерді қамтиды. Бәсенов өз зерттеуінің негізгі нысаны ретінде Көп там, Сүндет, Артық, Омар-Тұр, сондай-ақ Сам аймағында таралған басқа да кесенелерді алды. Кесене салуда қолданылатын тастар, сондай-ақ қабір тастары-құлпытастар туралы мәліметтер бар. Т.Қ. Бәсенов Жем өзенінің жағасынан бастап Байғанин ауданының орталығынан (Жар-Қамыс ауылы) алыс емес жерде, Сам құмы және одан тыс жерлерге дейін бірқатар ескерткіштерді зерттеумен айналысты. Құрылымдар, архитектуралық-құрылыс техникасы және олардың декоративті-көркемдік жобасы, онда кездесетін ою-өрнектер туралы деректер де келтірілген [12; 63].

Зерттеу барысында ғалым Байғанин ауданының бұрынғы орталығынан (Жарқамыс ауылы) алыс емес Жем өзенінің жағасынан бастап, Сам құмына және одан тысқары жерлердегі бірқатар ескерткіштерді аралап, қарап шыққан. Аталған аумақтағы ескерткіштердің құрылымдары, архитектуралық-құрылыс техникасы және олардың декоративті-көркемдік бейнесі, қабырға материалдары бірдей болып шыққандықтан барлық ескерткіштерді Үстірттегі Сам ескерткіштері деп атады.

Ғалымның зертеуінде Көп там анықтамасы — «көп үйлер» дегенді білдіретіндігі және оның бірнеше құрылыстың қирандылары екендігі жазылған. Көп там қирандылары туралы А.И. Левшин өз зерттеуінде айтып кеткенімен, толық сипаттама мен зерттеу материалдары көрсетілмеген. Еңбекте аталмыш қирандылар Сам құмынан 10 км және керуен жолынан 8 км қашықтықта орналасқан шағын ойпаттың айналасында топтасып орналасқан, ал ойпаттың орталығында қирандылардың ең үлкені орналасқан деген дерек келтірілген [12; 23, 24].



Сурет 4. Омар-Тұр күмбезтамы [13; 228]

Т.Қ. Бәсенов келтірген деректер негізінде Көп там қирандыларының шынымен де бекіністердің қалдықтары екендігіне көз жеткізуге болады. Олардың орталық құрылымы бекініс мұнараларымен және ғимараттар тізбегімен қоршалған, олар «қарауылдар» деп аталатын керуен жолының бойындағы қирандыларды білдіреді. Осы құрылыстың салыну мерзімі туралы нақты дерек келтірілмеген.

Жем өзенінің сол жағалауында, Ақтөбе облысы Байғанин ауданының Жарқамыс ауылынан 35 км жерде Дәуімшар қорымы туралы деректерді де ғалымның еңбегінен кездестіруге болады. Халық аңыздары бойынша, қалмақтармен шайқаста қаза тапқандар осында жерленген. Мырза-Мұрын кесенесі — бұл қорымдағы жеті кесененің бірі, оның үшеуі аталған ескерткішпен бір мерзімде салынған; қалғаны ежелгі ғимараттарға жатады (XVI ғ.). Бұл кесене басқа ескерткіштерге қарағанда анағұрлым бай безендірілген, оның сәулеті өзінің көркемдік әрленуімен ерекшеленеді. Онда «1299 жылы Әжімұрат ағамыз 70 күнде салды, 2000 рубль ақша, ешкі мен сиыр жұмсалды» деген жазу бар [12; 25, 26].

Сонымен бірге, еңбекте Жемнің сол жағалауында, Дәуімшар қорымынан 30 км қашықтықта Сүндет кесенесі де қарастырылады (сурет 5). Бұл кесене оның қарама-қарсы бөлігінде орналасқан Шерқаламен (жартас қала) бірге жалпы ансамбль құрап тұр. Кесене ғимараты сегіз қырлы, шеңбері 7 м, ғимараттың жалпы биіктігі 7,86 м. Кесененің нақты салынған жылы анықталмаған, себебі оның мерзімі қашап жазылған соңғы екі саны өшіп қалған екен. Т.Қ. Бәсенов кесенені алғашқы екі пішінге қарап, шамамен XIX ғасырдың екінші жартысында салынған деген мәлімет береді [12; 29].

Көп там қирандысынан 7 км жерде, одан сәл оңтүстік-батыста Көп шейіт деп аталатын қорым-зират бар. Халықтың ұғымы мен дәстүрінде бұл термин (шейіттер) Отанды қорғауда қаза тапқандарға қатысты қалыптасқан. Молдалар бұл сөздің мағынасын кәпірлермен соғыста қаза тапқандарға бағыттап, сөздің мағынасын өзгертуге тырысқан. Ғалым шамасы, мұнда жоңғарлардың қалмақтармен соғыста қаза тапқандар жерленген деген дерек келтіреді. Сонымен бірге, сол аймақтағы Артық кесенесінің салыну тарихының Көп шейіт қорымының тарихымен ешқандай байланысы жоқ екендігі туралы ақпарат бар. Бәсенов зерттеуінде кесененің қорымнан әлдеқайда кешірек, дәлірек айтқанда, XIX ғасырдың соңғы онжылдығында салынғандығы және оны шебер Ділмағамбет Есембетов салғандығы жайында мәлімет бар [12; 30].



Сурет 5. Сүндет кесенесі [14; 115]

Т.Қ. Бәсенов осы аумақтағы кесенелерді зерттей келе, оның шығу тарихын және таралау аймағын қарастырады. Кесенелерді феодалдар, жартылай феодалдар салғандығын, ал ортаңғы таптың адамдары өздерінің туыстарының қабірінің үстіне құлпытастар қойғаны туралы дерек келтіреді. Құлпытастың кесенелерде қойылуы да кездесетіндігі айтылады. Мұндай ескерткіш-тастарды орнату салыстырмалы түрде арзан және қарапайым халыққа қолжетімді болғандықтан кеңінен таралған деген болжам айтылады. Қазақстанда мұндай ескерткіштер бүкіл аумаққа шашыраңқы болып келеді және тұтас архитектуралық топты құраған.

С.Е. Әжіғалидың зерттеулеріндегі Арал-Каспий маңындағы қасиетті нысандар

С.Е. Әжіғалиды Батыс Қазақстан облысының ескерткіштерін зерттеуде үлкен маңызға ие ғалым деп атауға болады. С. Әжіғалидің негізгі ғылыми еңбектері Арал-Каспий маңы өңірінің, Батыс Қазақстан облысының дәстүрі мен мәдениетін, этнографиясы мен архитектуралық ескерткіштерін зерттеуге арналған.

Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе өңірін зерттеуді негізгі бағыты ретінде таңдаған Серік Әжіғали осы аумақтағы мыңдаған ескерткіштерді зерттеп, ғылыми айналымға енгізді. 1978–1998 жылдары тұңғыш рет ең ірі Арал-Каспий аймағының: Маңғыстау, Үстірт, Солтүстік Арал мен Каспий маңы аймағының бірқатар ерекше архитектуралық кешендерінің тарихи-мәдени ескерткіштеріне кешенді зерттеу жүргізді [15; 60]. Ғалымның ұзақ мерзімді зерттеулері негізінде «Архитектура кочевников — феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало-Каспийского региона)» кітабы жарияланды. Бұл кітап Батыс Қазақстан аумағының тарихи-мәдени ескерткіштерін зерттеудегі маңызды дереккөз ретінде қалыптасты. Онда аталған аумақтағы кешендер мен олардың жалпы сипаттамасы, ескерткіштердің типологиялық классификациясы, жерлеу культі, түрлі ғұрыптар, құлпытас-қойтас жүйесі, дәстүрлі архитектура ескерткіштері, т.б. сынды маңызды мәселелер қарастырылған [3; 654].

Ғалымның зерттеулерінің көп бөлігі Қазақстанның Арал-Каспий аймағындағы тарихи және мәдени ескерткіштерді, мемориалдық және діни орындарды зерттеуге бағытталған. Осыған орай зерттеушінің бірнеше еңбектері жарық көрді. Олардың ішінде: «Очерк культурного наследия Арало-Каспийского региона» [16], екі бөлімнен тұратын «Очерк истории изучения памятников народного зодчества, «древностей и развалин» Арало-Каспийского региона в досоветский период (до середины XIX в.)» [17; 108–127, 18; 88–106] сынды жарияланымдарын атауға болады.

Ғалым аталмыш аумақты зерттеу барысында ғұрыптық ескерткіштерге жалпы сипаттама бере отырып, Маңғыстау пен Үстірт аумағындағы қорымдар мен мешіттер, кесенелер, сағанатамдар, құлпытастар, сандықтастар, және олардың негізгі типологиялық ерекшеліктеріне баса назар аударды. С.Е. Әжіғали Арал-Каспийдің жерлеу және табыну кешендерін хронологиялық негізге сәйкес үш үлкен топқа бөліп қарастырады: 1) ортағасырлық, Оғыз-Қыпшақ кезеңінен бастау алады (Шопан ата,

Шақпақ ата, Қараман ата, Балғасын); 2) кейінгі ортағасырлық XIV ғ. (Кенді баба, Үштам, Масат ата, маңғыстаулық Қошқарата, үстірттік Қошқар ата, Сисем ата, Абат-Байтақ, Қарасақал, т.б.); 3) жаңа уақытта қалыптасқан кешендер — XVIII-XIX ғғ. (Қарашық, Қызылсу, Сағындық, Бейсембай, Алып ана, Дәуімшар, Нұрманбет, Дәуіт ата, Қарабас әулие, Хан моласы және т.б.) [3; 34].



Сурет 6. Абат-Байтақ кесенесі [Авторлардың суреті]

Сонымен бірге, ғалымның ең басты зерттеу нысаны ретінде Арал-Каспий теңізінің ғұрыптық ескерткіштер кешенінің пайда болуында үлкен маңызы бар Батыс Қазақстанның жерлеу және ғұрыптық архитектурасының кіші нысандарын атауға болады. Кіші нысандар ретінде құлпытастар мен сандықтар баса назарға алынып, олардың типологиялық ерекшеліктері ажыратылды. Аймақтың ежелгі көшпелі, жылқы өсіруші халықтары арасындағы жылқының ғұрыптық рөлі көрсетіледі. Қазақтардың және басқа көшпелі халықтардың жылқы малымен байланысты ғұрыптық салт-дәстүрлері зерттеледі. Құлпытастар, сандықтар мен қойтастар генезисіндегі жылқы малының рөлі толығымен көрсетілді.

Осы аумақтағы ерте орта ғасырдағы «жылқы қорымдарына» мынадай негізгі үрдістер тән екендігін атап көрсетеді: 1. Жылқының көліктік қызметіне мән беру тұрғысынан рәсім мазмұнын «рационализациялау» — аттарды ауыздықтау, ат әбзелдерімен көму; 2. Қорымдарды композициялық жоспарлау бойынша мамандандыру — жылқы иесінің және жылқының бағдарына мән бере отырып, жылқыны адамды жерлеуден бөлу; 3. Жылқылардың бөліктерін жерлеу: тұлыптары, терілері мен аяқ-қолдарын қабірдің үстіне жерлеу, яғни *pars pro toto* принципін дамыту [3; 418].

С. Әжіғали «Жылқы қорымдары» деп аталатын ескерткіштердің бұл өлкеде біздің дәуірімізге дейінгі IV және III мыңжылдықтарда тарала бастағанын айтады. Батыс Қазақстанда «жылқы қорымдары» біздің дәуірімізге дейінгі II мыңжылдықтың ортасынан бастап анықталған. К.Ф. Смирнов оларды тұқымның ықпалды өкілдеріне тиесілі жылқылар ретінде қарастырады [19; 46, 3; 413, 414].

Ғалым ғұрыптық ескерткіштерді зерттеудегі жылқы малының маңызын көрсете отырып, сол аумақта кең таралған атқазықтар туралы да қарастырады. Батыс Қазақстанның оғыз-қыпшақ ортасы үшін ағаштан жасалған атқазықтар жерлеу мен құрбандық шалу рәсіміне тән құбылыс болған. Осы өңірдегі қазақтардың атқазықтарының ресми прототиптері жылқыны құрбандыққа шалудың ежелгі дәстүрін паш ететін ғұрыптық негіз деп санайды [1, 3; 414].

Сонымен бірге, Батыс Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштерінде: кесенелер, сағанатамдар, сандықтар, сондай-ақ петроглифтерінің сюжеттік суреттерінде жылқы бейнесінің басымдылығы терең символикалық сипатқа ие екендігін атап көрсетеді.



Сурет 7. Сисем ата [8; 236]

«Маңғыстау мен Үстірт ескерткіштері» кітап-альбомының жарық көруі С.Е. Әжіғалидың осы аймақты зерттеу бойынша ең үлкен жетістігі болды [20; 504]. Ол өзінің көп жылдық жұмысы барысында теориялық және практикалық зерттеулердің негізгі нәтижелерін ұсынды. Ғалым көптеген жылдар бойы мемориалдық және діни ескерткіштердің типологиясын зерттеумен айналысты. Оны көшпенділердің мемориалдық және діни ескерткіштерін зерттеудің негізі деп санауға болады. Зерттеуші олардың барлығын екі үлкен бөлікке: ғұрыптық және мемориалдық ескерткіштер деп бөлуді ұсынды. Ол алғашқы топқа мешіттер мен әр түрлі ғибадат орындарын жатқызса, екіншісіне (ең кең таралған) — мемориалдық ескерткіштерді (жерлеу орындары, қабірлер) жатқызды [20; 142, 148].

Ғалымның зерттеуінде кесенелер жалпы композициялық және жоспарлау сипаттамалары бойынша екі үлкен категорияға бөлінді: бір камералы және көп камералы. Әрі қарай типология жоспарлау құрылымының ерекшеліктеріне және негізгі сәулетті ерекшеліктеріне, көлемдер жиынтығының сапалық және сандық талдауларына негізделген. Жіктеудің негізгі нысандарының ерекшеліктері, ең алдымен, қолданылатын құрылыс материалының табиғатымен байланыстырылды [3; 224].

С.Е. Әжіғали Маңғыстау мен Үстірттің халықтық сәулет ескерткіштерін зерттеуде бұрынғы зерттеушілердің зерттеулеріне көп көңіл бөле отырып, бұл салада өзіндік тарих пен дәстүр қалыптасқандығын атап көрсетеді. Ғалым мемориалдық-діни кешендерді зерттеп, талдау жасай отырып, «қорым», «зират», «әулие», «қасиетті орын», «ғибадат ететін орын» сияқты анықтамаларға байланысты өз көзқарасын ұсынады [21; 315]. Сонымен бірге, ол Үстірттің солтүстік-батыс бөлігінде қалыптасқан сирек кездесетін және адамдар ерекше табынатын тұрғын үй кешендерінің болғандығын баса назарға алды. Зерттеудің тағы бір нысаны ретінде мешіттерге де ерекше назар аударады. Қарастырылып отырған аумақта мешіттердің көптеп таралуын мұсылман культінің таралуымен байланыстыра отырып, өзіндік зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеуші ортағасырлық Маңғыстаудың Қазақстанның басқа көшпелі аймақтарымен салыстырғанда көп мөлшерде исламдануына назар аударады және мешіттерді ірі рулар мен мал өсіретін халықтың үнемі баратын жері екендігін атап өтеді [15; 61, 62].

Қорытынды

Байқап отырғанымыздай Арал-Каспий өңірінің тарихи-мәдени, ғұрыптық ескерткіштері қазақ халқының көшпелі мәдениетінің айқын дәлелі. Бұл аймақтың материалдық, рухани және табиғи мұралары бір-бірімен тығыз байланысты және халықтың күнделікті өмірінің, ғұрыптық және діни тәжірибесінің маңызды бөлігіне айналған. Жоғарыда атап өтілген отандық ғалымдар Батыс Қазақстан аумағының сәулет ескерткіштерін, мемориалды-ғұрыптық орындарын зерттеумен 1940–1950 жылдардан бастап бүгінгі күнге дейін айналысып келеді. Олардың ұзақ мерзімді зерттеулерінің нәтижелері ауқымды басылымдарда жарық көріп, сол аймақтың тарихи-мәдени ескерткіштерін зерделеуде үлкен маңызға ие болып отыр.

Бүгінде еліміздің тарихы, этнографиясы, көне мұралары, тарихи орындары мен ескерткіштері тиісті дәрежеде зерттеу маңызды міндеттердің бірі. Қазақстанның көне мәдениетінің мұрагері ретінде, тарихи-мәдени саланы толық көрсететін айрықша ескерткіштерді кешенді зерттеу, қорғау, қайта қалпына келтіру және болашақ ұрпаққа насихаттаудың маңызы зор. Аймақты зерттеудегі басты мақсат тарихи-мәдени ескерткіштерді ғылыми айналымға енгізу арқылы оның тарихи маңызын арттыру, ұзақ мерзімге сақтап қалу. Сонымен бірге, Арал-Каспий және Солтүстік Үстірт маңында көп зерттелмеген нысандарды көпшілік назарына ұсыну. Ғұрыптық ескерткіштердің қазақ тарихында алатын орны ерекше, сол себепті осы аймақтағы ғұрыптық орындарды зерттеу кезек күттірмейтін мәселе. Осы орайда, Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштерін, мемориалды және діни кешендерін зерттеуде М.М. Мендікұлов, Т.Қ. Бәсенов, С.Е. Әжіғали сынды ғалымдардың еңбектері ғылыми және қоғамдық ортада үлкен мәнге ие болды. Олар ашқан жаңалықтар аймақтың тарихи-мәдени мұрасын одан әрі игеруде: ескерткіштерді қорғау, жаңғырту мен пайдалану, туризмді дамыту және т.б. іс жүзінде қолданылуда. Дәл сол себепті қазақ халқының халықтық сәулетшілігі мен этнографиясын, мәдениетін, ескерткіштерін зерттеуде үлкен үлес қосқан отандық ғалымдарымыздың еңбектерін зерделеу маңызды әрі өзекті.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Мендикулов М.М. Памятники народного зодчества Западного Казахстана / М.М. Мендикулов. — Алма-Ата: Өнер, 1987. — 160 с., ил.
- 2 Ковалевский А.П. Книга Ахмеда ибн-Фадлана о его путешествии на Волгу в 921–922 гг. Ст/, пер/ и коммент/ / А.П. Ковалевский. — Харьков: Харьк. гос. ун-т, 1956. — 343 с.
- 3 Ажигали С.Е. Архитектура кочевников — феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало-Каспийского региона) / С.Е. Ажигали. — Алматы: Ғылым, 2002. — 654 с.
- 4 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей / А.И. Левшин. — Ч. I. Изв. географ. — СПб.: Типогр. К. Кария, 1832. — XII+264 с.
- 5 Арғынбаев Х.А. Қазақ халқының қолөнері: Ғылыми-зерттеу еңбек / Х.А. Арғынбаев. — Алматы: Өнер, 1987. — 128 б.
- 6 Мендикулов М.М. Памятники архитектуры полуострова Мангышлак и Западного Устьурта / М.М. Мендикулов. — Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1956. — 43 с. ил.
- 7 Кастанье И.А. Надгробные сооружения киргизских степей / И.А. Кастанье // Тр. Оренбург. учен. архив. комис. — Вып. 26. — Оренбург: Типогр. Тургай. обл. прав., 1911. — 102, VII, VIII с. [28] л., ил.
- 8 Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары. — Астана: Фолиант, 2017. — 496 б.
- 9 Ломакин Н.П. О полуострове Мангышлак и путях оттуда в разные пункты Закаспийского края / Н.П. Ломакин // Записки Кавказского отдела Русского географического общества. — 1873. — Кн. VIII. — С. 1–42.
- 10 Шевченко — художник: альбом на 5-ти языках / авт. тексту та упорядник В.І. Касян. — Київ: Мистецтво, 1963. — 45 с.
- 11 Eichvald E. Alte Oeographie des Caspischen Meeres, des Caucasus und des Sfldlichen Russlands: nach griechischen, gömischen und anderen Quellen / E. Eichvald. — Berlin: Morin, 1838. — P. 189–201.
- 12 Басенов Т.К. Архитектурные памятники в районе Сам / Т.К. Басенов. — Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1947. — 42 с., ил.
- 13 Құлбаев Н.А. Арал-Каспий аралығы тарихи-мәдени ескерткіштердегі араб графикалы мәтіндердің анықтамалығы. 1-том / Н.А. Құлбаев. — Алматы: Бабамұра-М, 2015. — 228 б., 32 фотосурет.
- 14 Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары. — Астана: Фолиант, 2017. — 504 б.
- 15 Ахметова Ш.К. Памятники Арало-Каспия в исследованиях С.Е. Ажигали / Ш.К. Ахметова, И.В. Толпеко // Вестн. Ом. ун-та. Сер. Исторические науки. — 2018. — № 2 (18). — С. 60–64.
- 16 Ажигали С.Е. Очерк культурного наследия Арало-Каспийского региона [Электронный ресурс] / С.Е. Ажигали // Электронный научный альманах «Пространство и время». — Т. 5. — Вып. 1. — Ч. 2. — 2014.
- 17 Ажигали С.Е. Очерк истории изучения памятников народного зодчества, «древностей и развалин» Арало-Каспийского региона в досоветский период (до середины XIX в.). Ч. 1. От ранних сведений о памятниках кочевого Арало-Каспия до

экспедиции Я.П. Гавердовского 1803–1804 гг. / С.Е. Ажигали // Пространство и время. — 2017. — № 2–4 (28–30). — С. 108–127.

18 Ажигали С.Е. Очерк истории изучения памятников народного зодчества, «древностей и развалин» Арало-Каспийского региона в досоветский период (до середины XIX в.). — Ч. 2. От дипломатической миссии А.Ф. Негро 1820–1821 гг. до образования Русского Географического общества / С.Е. Ажигали // Пространство и время. — 2018. — № 1, 2 (31, 32). — С. 88–106.

19 Смирнов К.Ф. Археологические данные о древних всадниках Поволжско-Уральских степей / К.Ф. Смирнов // Сов. археол. — 1961. — № 1. — С. 46–72.

20 Әжіғали С.Е. Маңғыстау мен Үстірт ескерткіштері: кітап-альбом / С.Е. Әжіғали. — Алматы: Өнер, 2014. — 504 б.

21 Ажигали С.Е. Памятники мемориально-культовой архитектуры Западно-Казахстанской области / С.Е. Ажигали // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана: сб. науч. ст. — Вып. 4. — Уральск, 2005. — С. 313–322.

А.Б. Қалыш, М.Д. Қылыңқая, Р.А. Советхан

Культовые памятники Западного Казахстана в трудах отечественных исследователей

Статья посвящена изучению исторических, культурных и культовых памятников Арало-Каспийского региона в трудах отечественных ученых. Арало-Каспийский регион, включающий Западный Казахстан, полуостров Мангышлак и равнину Устюрт, Северное Аральское море и Каспийское море, является этнокультурным центром народов степей Евразии. Архитектурные памятники Западного Казахстана издревле привлекали внимание путешественников и исследователей. В работах средневековых исследователей, побывавших в Арало-Каспийском регионе, особое внимание уделялось культовым памятникам в этой местности. В начале XVIII в. в трудах исследователей Российской империи и Западной Европы имелись сведения об исторических и культурных памятниках региона. Среди исследователей были П.И. Рычков, П.С. Паллас, И.П. Фальк, С.Г. Гмелин, Н.П. Рычков. В 40–50-е гг. XX в. известные казахстанские ученые приступили к изучению мемориальных и культовых памятников этой местности. Архитекторы Т.К. Басенов и М.М. Мендикулов исследовали культовые памятники Ушкын ата, Сисем ата, Шопан ата, Масат ата на территории Западного Казахстана. Основные научные труды ученого С.Е. Ажигали были посвящены изучению традиций и культуры, этнографии и архитектурных памятников Арало-Каспийского региона Западно-Казахстанской области. В статье освещены основные исследовательские работы этих ученых, их вклад в изучение культовых памятников Арало-Каспийского региона и их научные открытия.

Ключевые слова: Арало-Каспийский регион, культовые сооружения, мавзолеи, мечети, некрополи, саганатамы, надгробия.

A.B. Kalysh, M.D. Kilinchkaya, R.A. Sovetkhan

Cult Monuments of Western Kazakhstan in the Works of Domestic Researchers

This article is devoted to the study of historical, cultural and cult monuments of the Aral-Caspian region in the works of domestic scientists. The Aral-Caspian region, including Western Kazakhstan, the Mangyshlak demi-island and the Ustyurt plain, the North Aral Sea and the Caspian Sea, is the ethnocultural center of the people of the Eurasian steppes. The architectural monuments of Western Kazakhstan have attracted the attention of travelers and researchers since ancient times. In the works of medieval researchers who visited the Aral-Caspian region, special attention was paid to the cult monuments in this area. At the beginning of the 18th century, the works of researchers of the Russian Empire and Western Europe contained information about the historical and cultural monuments of the region. Among them are such researchers as P.I. Rychkov, P.S. Pallas, I.P. Falk, S.G. Gmelin, N.P. Rychkov. In the 40–50s of the twentieth century, famous Kazakh scientists began to study the memorial and cult monuments of this area. Famous Kazakh architects T.K. Basenov and M.M. Mendikulov investigated the cult monuments of Ushkyn ata, Sisem ata, Shopan ata, Masat ata in the territory of Western Kazakhstan. The main scientific works of the scientist S.E. Azhigali were devoted to the study of traditions and culture, ethnography and architectural monuments of the Aral-Caspian region, West Kazakhstan region. The article highlights the main research work of these scientists, their contribution to the study of the cult monuments of the Aral-Caspian region, and their scientific discoveries.

Keywords: Aral-Caspian region, places of worship, mausoleums, mosques, necropolises, saganatams, tombstones (kulpytas).

References

- 1 Mendikulov, M.M. (1987). *Pamiatniki narodnogo zodchestva Zapadnogo Kazakhstana [Monuments of folk architecture of Western Kazakhstan]*. Alma-Ata: Oner [in Russian].
- 2 Kovalevski, A.L. (1956). *Kniha Akhmeda ibn-Fadlana o eho puteshestvii na Volhu v 921–922 hh. Stati, perevody i komentarii [Akhmed ibn-Fadlan's book about his travel to the Volga river in 921–922. Articles, translations and comments]*. Kharkov: Kharkov State University [in Russian].
- 3 Azhigali, S.E. (2002). *Arkhitektura kochevnikov — fenomen istorii i kultury Yevrazii [Architecture of nomads is a phenomenon of history and culture of Eurasia (monuments of the Aral-Caspian region)]*. Almaty: Hylym [in Russian].
- 4 Levshin, A.I. (1832). *Opisaniie kirhiz-kazachikh, ili kirhiz-kaisatskikh, ord i stepei [Description of the Kyrgyz-Cossack, or Kyrgyz-Kaisak, hordes and steppes]*. In 3 parts. Part I. Geographical news. Saint Petersburg: Printing house K. Kariia [in Russian].
- 5 Argynbayev, H.A. (1987). *Qazaq khalqynyn qoloneri: Gylymy-zertteu enbek [Handicraft of the Kazakh people: Research work]*. Almaty: Oner [in Kazakh].
- 6 Mendikulov, M.M. (1956). *Pamiatniki arkhitektury poluosrova Manhyshlak i Zapadnogo Ustiurta [Monuments of architecture of the Peninsula of Mangyshlak and Western Ustyurt]*. Alma-Ata: Izdatelstvo Akademii nauk KazSSR [in Russian].
- 7 Kastanie, I.A. (1911). *Nadrobnye sooruzheniia kirhizskikh stepei [Tombstones of the Kyrgyz steppes]*. *Trudy Orenburzhskoi uchenoi arkhivnoi komissii. Vyp. 26 — Proceedings of the Orenburg Scientific Archival Commission. Issue. 26. Orenburg: Tipografiia Turhaiskogo oblastnogo pravleniia* [in Russian].
- 8 *Qazaqstannyn zhalpyulattyq qasietti nysandary [The Kazakhstan sacred objects of whole national importance]* (2017). Astana: Foliant [in Kazakh, Russian and English].
- 9 Lomakin, N.P. (1873). *O poluostrove Manhyshlak i putiakh ottuda v raznye punkty Zakaspiiskogo kraia [About the Mangyshlak Peninsula and the ways from there to different points of the Transcaspiian Territory]*. *Zapiski Kavkazskogo otdela Russkogo heohraficheskogo obshchestva — Notes of the Caucasian Department of the Russian Geographical Society. Book. VIII* [in Russian].
- 10 Kasian, V.I. (1963). *Shevchenko — khudozhnik: albom na 5 yazykakh [Shevchenko — painter: Album in 5 languages]*. Kiev: Mistetstvo [in Ukrainian].
- 11 Eiclivald, E. (1838). *Alte Oeographie des Caspischen Meeres, des Kaukasus und des Sfidlichen Russlands: nach griechischen, römischen und anderen Quellen*. Berlin: Morin [in German].
- 12 Basenov, T.K. (1947). *Arkhitekturnye pamiatniki v raione Sam [Architectural monuments in the area of Sam]*. Alma-Ata: Edition of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR [in Russian].
- 13 Kulbayev, N.A. (2015). *Aral-Kaspii aralygy tarikh-madeni eskertkisherdegi arab grafikaly matinderdin anyqtamalygy [Directory of Arabic graphic texts on historical and cultural monuments of the Aral-Caspian period]*. Vol. 1. Almaty: Babamura [in Kazakh].
- 14 *Qazaqstannyn onirlik qasietti nysandary [The Kazakhstan sacred objects of regional importance]* (2017). Astana: Foliant [in Kazakh].
- 15 Akhmetova, Sh.K., & Tolpeko, I.V. (2018). *Pamiatniki Aralo-Kaspiia v issledovaniakh S.E. Azhigali [Monuments of the Aral-Caspian region in the research of S.E. Azhigali]*. *Vestnik Omskogo universiteta. Seriya Istoricheskie nauki — Bulletin of Omsk University. Series Historical Sciences, 2 (18)* [in Russian].
- 16 Azhigali, S.E. (2014). *Ocherk kulturnogo naslediia Aralo-Kaspiiskogo rehiona [Elektronnyy resurs] [Essay on the cultural heritage of the Aral-Caspian region]*. *Elektronnoe nauchnoe izdanie: Almanakh «Prostranstvo i vremia» — Electronic Scientific Edition Almanac Space and Time, 'The Space and Time of The Caspian Dialogue', 5.1(2). Web. <2227-9490e-aprov_e-ast5-1-2.2014.11>* [in Russian].
- 17 Azhigali, S.E. (2017). *Ocherk istorii izucheniia pamiatnikov narodnogo zodchestva, «drevnostei i razvalin» Aralo-Kaspiiskogo rehiona v dosovetskii period (do serediny XIX v.). Chast 1. Ot rannikh svedenii o pamiatnikakh kochevogo Aralo-Kaspiia do ekspeditsii Ya.P. Haverdovskogo 1803–1804 hh. [Essay on the history of studying monuments of folk architecture, «antiquities and ruins» of the Aral-Caspian region in the pre-Soviet period (until the middle of the 19th century). Part 1. From early information about the monuments of the nomadic Aral-Caspian Sea to the expedition of Ya.P. Gaverdovsky 1803–1804]*. *Prostranstvo i vremia — Space and time, 2–4 (28–30)* [in Russian].
- 18 Azhigali, S.E. (2018). *Ocherk istorii izucheniia pamiatnikov narodnogo zodchestva, «drevnostei i razvalin» Aralo-Kaspiiskogo rehiona v dosovetskii period (do serediny XIX v.). Chast 2. Ot diplomaticheskoi missii A.F. Negro 1820–1821 hh. do obrazovaniia Russkogo Heohraficheskogo obshchestva [Essay on the history of studying monuments of folk architecture, «antiquities and ruins» of the Aral-Caspian region in the pre-Soviet period (until the middle of the 19th century). Part 2. From the diplomatic mission A.F. Negro 1820–1821 before to the formation of the Russian Geographical Society]*. *Prostranstvo i vremia — Space and time, 1–2 (31–32)* [in Russian].
- 19 Smirnov, K.F. (1961). *Arkheolohicheskie dannye o drevnikh vsadnikakh Povolzhsko-Uralskikh stepei [Archaeological data on the ancient equestrians of the Volga-Ural steppes]*. *Sovetskaia arkhelohiia — Soviet archeology, 1* [in Russian].
- 20 Azhigali, S.E. (2014). *Mangystau men Usturt eskertkishteri: kitap-albom [Monuments of Mangystau and Ustyurt: book-album]*. Almaty: Oner [in Kazakh].
- 21 Azhigali, S.E. (2005). *Pamiatniki memorialno-kultovoi arkhitektury Zapadno-Kazakhstanskoi oblasti [Monuments of the memorial and cult architecture of the West Kazakhstan region]*. *Voprosy istorii i arekhologii Zapadnogo Kazakhstana [Questions of history and archeology of Western Kazakhstan]*. *Sbornik nauchnykh statei — Collection of scientific articles, Issue 4. Uralsk* [in Russian].